

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№ **6-7** (65-66)
19 қазан 2015 жыл

SWWS

Павлодар жастарының газеті

ҰЛЫ МҰРАТ – ҰЛЫ ХАНДЫҚ

3-бет

Жәнібек жеке хандық құрудың көптің арманы екенін және өз басының қамы мен ел-жұрттың тілегінің сабақтаса бастағанын көптеп түсінген. Бұл — мұратқа жетудің даңғыл жолы. Бүгін болмаса ертең шаруашылығы, жер-суы, әдет-ғұрпы, тілі, тілегі бір Дәшті Қыпшақ даласының көп руының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір ел болып құралып, бір халыққа айналатынына шек келтірмеген.



Аслан Сарінжіпов:
БЕДЕЛДІ УНИВЕРСИТЕТ
АТАНУ ҮШІН ЖАҢА
ДАУІРДІҢ АҒЫМЫНА
ІЛЕСУІҢ КЕРЕК



ЖАУЖҮРЕК
ХАН ЖАҢГІР




Саяхат Оразбек:
АҚЫНДЫҚ – АНАНЫҢ
СҮТІМЕН, ӘКЕНІҢ
ҚАНЫМЕН КЕЛГЕН ДҮНИЕ



ҰТАЗДАРҒА ТАҒЫМ



АҚАН СЕРІ:
Жігіттер жақсы болсаң іс
біліктер



БЕДЕЛДІ УНИВЕРСИТЕТ АТАНУ ҮШІН ЖАҢА ДӘУІРДІҢ АҒЫМЫНА ІЛЕСУІҢ КЕРЕК

дегі ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне іс-сапармен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов келді.

Аслан Сәрінжіпов С. Торайғыров атындағы ПМУ ғалымдарының, студенттер мен магистранттардың стартап-жобаларымен танысты. Министр өнертапқыштардың ет өңдеу, энергетика, ауылшаруашылық, жел энеңгиясы, кен өндіру, егін шаруашылығы, т.б. салалардағы жасаған жаңалықтарына қанық болды.

Сонымен бірге, министр Силикон алқабы мен С. Торайғыров атындағы ПМУ арасында онлайн режимде өткен вебинарға қатысты. Вебинар жұмысын Силикон алқабының (Калифорния штатының Санта-Круз қаласы) жетекші маманы Алексей Крол өткізді.

Сондай-ақ, Аслан Бөкенұлы Павлодар мемлекеттік университетінің «Ертіс» технопаркін аралап, білім орданың ғалымдарының қолынан шыққан ғылыми жобаларға оң баға берді. Және де министр университет қабырғасындағы «ТДЖҰА» АҚ ақпараттық орталығының жұмысымен таныс болды.

Аслан Сәрінжіповтің сапары барысында С. Торайғыров атындағы ПМУ академиялық жұмыс жөніндегі жаңа проректорды жария етті. Академиялық жұмыс жөніндегі проректор болып филос.ғ.к., халықаралық «Болашақ» стипендиясының түлегі Гауһар Ахметова тағайындалды. Ол 2005-2015 жылдар аралығында Павлодар мемлекеттік университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлы пәндер

кафедрасының меңгерушісі болып қызмет етті.

ҚР Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіповтің айтуынша, С.Торайғыров атындағы ПМУ ел экономикасына қажетті мамандарды даярлап келеді. «Қазіргі таңда беделді университет атану үшін жаңа дәуірдің ағымына ілесуің тиіс. Ал Павлодар мемлекеттік университеті УИИД МБ жобасы бойынша жұмыс жасап жатқан жоғары оқу орны. Бұл бағдарлама университетті жаңа халықаралық белеске жетелейді», – деді Аслан Бөкенұлы.

Тағы да, министр С. Торайғыров атындағы ПМУ «Болашақ» орталығының жұмысымен танысып, Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі «Болашақ» халықаралық стипендиясы түлектерімен бейресми кездесу (Informal Networking Conference) өткізді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы білімді жаңғырту мәселелері тақырыбы аясында өткен кездесу «Болашақ» бағдарламасының 70 түлегінің, БАҚ өкілдері, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің басын қосты.

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Арын Өрсариев өз сөзінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алған түлектердің өңірде сәтті қызмет етіп, ел дамуына зор септігін тигізіп жатқанын атап өтті. «Бүгінде Павлодар облысы бойынша 130, ал Павлодар мемлекеттік университетінде 40-тан астам түлектер



табысты еңбек етуде», – деді Арын Амангелдіұлы.

Бейресми кездесуде қатысушылар білім мен ғылымның өзекті мәселелерін талқылап, еркін ой бөлісіп және сараптамалық бағалау нысанындағы ашық диалог алаңын орнатты. Сондай-ақ, шарада «Болашақ» стипендиясы арқылы кадрлар даярлаудың отандық жүйесін дамыту мүмкіншіліктері туралы және 2020 жылға дейінгі стипендияны дамыту жоспары, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудағы «Болашақ» бағдарламасының рөлі талқыланды.

Бұдан өзге, «Болашақ» стипендиясының түлектері ҚР Білім және ғылым министрінің өз аузынан өздерін мазалаған сұрақтарына жауап алды. Түлектер жұмысқа орналасу, жаңа оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, ауылдың

білім беру саласының жағдайы, басқа да білім мен ғылым бағытындағы жаңа жобалар, жоғары оқу орындарының автономдық басқаруға өтуі, педагогикалық білім мен ұстаздардың мәртебесі турасында егжей-тегжейлі әңгімелесті.

Бұл кездесу Аслан Сәрінжіповтің халықаралық «Болашақ» стипендиясы түлектерімен Informal Networking Conference форматында өткен үшінші кездесуі. Бірінші кездесу 2014 жылғы ақпанда «Назарбаев Университеті» ДББҰ-да, екіншісі 2014 жылғы маусымда М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен болатын.

Мұнымен қоса, Аслан Сәрінжіпов Павлодар мемлекеттік университетінің салынып жатқан 500 орындық жатақханасының құрлысымен танысты.

STARTUPNOMAD ТУР ПАВЛОДАРДА

StartupNomad Тур Павлодар қаласына аяқ тіреді. Бұл сапардың аясында MOST жас кәсіпкерлер клубы өңіріміздегі жас кәсіпкерлерге бизнес-тәжірибелер, дәрістер, Қазақстан мен шетелдік бизнес сарапшылардың шеберлік сыныптарын ұсынды.



Жас кәсіпкерлерге бұл тур жоғары технологиялық нарықта инновациялық жобаларды жасауға және өзінің бизнес стратегиясын қалыптастыруға көмектеседі. Сондай-ақ, Startup тур өңірлердегі жастарды кәсіпкерліктің қыр-сырларын оқытып қана қоймай, дарынды жас ғалымдар мен өнертапқыштардың, кәсіпкерлер, инвесторлар, технопарк,

ЖОО және ғылыми институт өкілдерінен тұратын стартап қауымдастықтарын құруды көздейді.

StartupNomad Тур сапары аясында Қазақстанның жас кәсіпкерлер клубы ел ішіндегі аралап үздік бизнес-жобалармен танысу мақсатында Қазақстан мен Орталық Азияның қалаларын аралауда. Әрбір қалада Қазақстан және шетелдік

тәжірибелі менторлар мен сарапшылар пікір-таластар, шеберлік сыныптар өткізеді.


Сондай-ақ, бұл кездесудің шеңберінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті мен MOST жас кәсіпкерлер клубы өзара түсіністік меморандумына қол қойды.

Айтулы құжат бойынша еліміздегі және өңірдегі кәсіпкерлік ахуалды зерттеуге, жастар арасында арнайы шаралар арқылы кәсіпкерлік туралы пікір қалыптастыруға және бірлескен оқу бағдарламаларын құруға, сараптама жасауға жол ашылады.

С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Арын Өрсариевтің айтуынша, бұл жоба жастарды кәсіпкерліктің жаңа белесіне көтереді. «Жастардың көбісі бұл күні өздерінің алғашқы жасаған жобаларын таныстырып, сарапшылардан ұсыныстар, басқа да қатысушылардан есті кеңестер алды. Білікті мамандардан алған ақпараттар, кеңестер олардың болашақта өз ісінің шебері болуына сеп болары сөзсіз», – деді Арын Амангелдіұлы.

Шараға сарапшы ретінде MOST жас кәсіпкерлер клубының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның жас кәсіпкерлер клубының негізін салған әрі жеткішісі, Даму және экономикалық саясат институтының директоры, Global Shapers қауымдастығының (Дүниежүзілік экономикалық форумның ұсынысы) Алматылық хабының кураторы Павел Коктышев қатысты.

Шара барысында үздік бизнес-тәжірибелер, дәрістер, кездесулер, сарапшылардың қатысуымен шеберлік сыныптар, білікті мамандардың кеңестері



берілді. Тұсау кесер (таныстырылым) үшін идеялардың көзкерімділігі, маркетинг және өнім яки қызметті өткізу тақырыптарында тренинг өтті.

Сондай-ақ, сарапшылар қатысушыларға бизнесті жобалау және ол жобаны тартымды етіп жеткізу, оның жолдары мен сырларын жеткізіп, және бизнесті шынайы бағалауды, сараптамалық жұмыстар жүргізуді де үйретті.

Ал кездесудің краш-тест бөлімінде Стенфорд әдісі бойынша бизнес құрудың қысқаша курсы өтті. Сондай-ақ, сарапшылар бизнес-жобаларды краш-тест арқылы сынады. Қатысушылар инвесторлармен кездесу ұйымдастырып, питчинг (қаржыландыруға дайын инвесторларға арналған қысқаша тұсау кесер) жасауды талқылады.

StartupNomad Тур байқауына С.Торайғыров атындағы ПМУ студенттері мен магистранттарынан 83 өтініш түсті. StartupNomad Турды қорытындылайтын StartupNomad Форумында инвесторлар алдында тұсауы кесілетін үздік стартап-жобаларды іріктеліп алынды.

ҰЛЫ МҰРАТ – ҰЛЫ ХАНДЫҚ

Жәнібек, қырға шыққан сайын, ел тауқыметін көріп, ордасына үнемі ренжіп қайтатын. Әсіресе өткен жылғы, бір оқиға сұлтанның көз алдынан кетпей-ақ қойған. Ол аңнан келе жатып Әбілқайыр лаишерлері шауып кеткен бір ауылдың үстінен шыққан. Шаңырағы күйрей жерге түскен үйлер... Ұлдары сойылға жығылып, ботасы өлген інгендей боздаған аналар...

Жәнібекті таныған ақсақал:

— *Шырағым, Жәнібек, — деген. «Бөтен елдерді шабуға жігіттеріңді бермедіңдер, мерзімінде алым-салықты төлемедіңдер» деп ханның аш бөрілері ауылымызды шауып кетті. Еділ бойында да көрген күніміз осындай болатын. Құтқара көр енді бізді бұл қорлықтан!*

— *Қалай құтқарам?* — деген Жәнібек.

— *Әбілқайырдан бізді бөліп ал, — деп жауап қайырған қарт.*

— *Өзгенің жер-суына қызықпайтын, өз елін жат жұрттай ауыр алым-салық салмайтын жеке шаңырақ көтер.*

Қытай мен Жоңғар жеріндегі рулар да осындай ой білдірген. Осының бәрінен Жәнібек жеке хандық құрудың көптің арманы екенін және өз басының қамы мен ел-жұрттың тілегінің сабақтаса бастағанын көптеп түсінген. Бұл — мұратқа жетудің даңғыл жолы. Бүгін болмаса ертең шаруашылығы, жер-суы, әдет-ғұрпы, тілі, тілегі бір Дешті Қыпшақ даласының көп руының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір ел болып құралып, бір халыққа айналатынына шек келтірмеген.



Қаламгер Илияс Есенберлин өз еңбегінде Қазақ хандығының қалыптасуы туралы қолда бар деректерге сүйеніп, әдемі әдеби бояулармен шебер суреттеген туындыны дүниеге әкелді. Оның бұл романы арқылы көп қазақ тарихын білді, тамырына үңілді. Біз де шамамыз келгенше тарихшыларымыздың еңбектерін парақтап, Қазақ хандығының құрылу тарихына үңіліп көрелік.

Өзіміздің мемлекеттілігімізге қатысты көп деректі аша алмағанымызға және ашуға талпынбағанымызға кеңестік идеологияның өткір қылышының жүзі қатты батқаны себеп болды. Оған да өткен күн куә. Бірақ бүгінгі күні Қазақ елі әлемдік деңгейде танылып, жаһан алдында көп жетістіктерге жетіп, заңғар асыларды бағындыруда. «Мәңгілік Елміз» деп жер жүзіне жар салудамыз. «Мәңгілік Елдің» мықты да терең тамыры болу қажеттігін баршамыз білеміз. Сондықтан да болашақ ұрпақ үшін, елдігіміз үшін тарихымызды түгендеуге тиіс болдық.

Бүгінгі күні Қазақ хандығы туралы қалам тербегісі келген әркім тарихи дәйектердің қайшылықтары мен деректердің толыққанды еместігіне тап болады. Сол себепті көбісі тарихи тақырыптарды жазуды қош көрмейді. Алайда, күндердің күнінде тарихшы ғалымдарымыз бір ауыздан сөйлейтін күн туады деп сенейік. Өйткені, бүгінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тарихты қолдау жылын жариялап, іле-шала артынан Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлауға бекініп кеткені еліміздің тарихын түгендеуге, оны бір арнаға тоғыстыруға бағытталғаны хақ.

Қазақ хандығының құрылуы

Барлық тарихшылар Қазақ хандығының құрылуын Керей мен Жәнібек сұлтандардың Дешті Қыпшақтағы Әбілхайыр ханнан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойына қоныстануынан бастау алатынына еш күмән келтірмейді.

Дерекнама:

Әбілхайыр хан (1412-1469) — Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын оныншы ұрпағы. Дешті Қыпшақтағы ру-тайпалардың көсемдері оны 1428 жылы ақ киізге көтеріп, хан сайлайды. Осыдан кейін Әбілхайыр Шайбани әулетінен тарайтын хандарға күш көрсетіп, өз билігін күшейтеді. Дешті Қыпшақтағы барлық хан-сұлтандарды күшпен өзіне қаратып, тарихта «көшпелі өзбектер» атанған хандық құрады.

Керей сұлтан — Орыс (кейбір деректерде Өріс хан деп көрсетіледі) ханның шөбересі. Атасы Тоқтақия, әкесі — Болат сұлтан.

Жәнібек сұлтан — Барақ ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі. Екі сұлтанның да туған не көз жұмған жылдары жайлы мәлімет жоқ.

Осы кезде Моғолстан хандығында Есенбұға хан билік құрды. Бұл елде де жағдай мәз емес-тің. Есенбұғаның ағасы Жүніс Мәурунахр билеушісі Әбу-Саидтің қолшоқпары бола жүріп, Есенбұғаны әбден әлсіретті. Ал мына екі сұлтанның жер сұрап келуі оның алшысына дөп түсті. Себебі, Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңынан еріп келген қара құрым халықтың саны күн санап артып жатты. Ал Есенбұға екі сұлтанды барынша қолдап, көш салып келіп жатқан жұртты ел шетіне жайғастыра берді. Бұл жағдайды Есенбұға өз пайдасына жаратып, Жүніске қарсы пайдаланғысы келеді. Дегенмен, Керей мен Жәнібектің өз мұраттары болды. Олар азат шаңырақ тігіп, жеке хандық құруды арман етті, сол асыл армандарына жетуді көздеді. Бір жылдан кейін, яғни, 1458 жылы Шу мен Қозыбасы жотасы арасындағы алқапта Керей сұлтан хан сайланды. Тарихшылардың айтуынша бұл кезде оның қарамағында екі жүз мың адамдай болды. Болып жатқан бұл өзгерістердің бәрі Әбілхайыр ханның да мазасын қашырды.

Дерекнама:

Моғолстан — XIV ғасырдың орта шенінде Тоғылық Темір хан құрған мемлекет. Ғалымдар арасында «моғол» сөзі моңғолдың түрікше, парсыша атауы деген тұжырым бар. Бірақ, бұл мемлекеттегі халықтың негізгі құрамы қазір қазаққа кіретін қаңлы, жалайыр, дулат, аргын секілді тайпалар еді.

Керей хан мен Жәнібек сұлтанның билігі Есенбұға хан қайтыс болғаннан кейін күшейе бастайды. Моғолстан өзінің ішінде алауыздыққа салынып, олардың құрамындағы көп халық Керей ханның жағына өте бастайды. Оның үстіне Әбілхайырға наразы болған өзбек ұлысының жұрты Қазақ хандығына келіп қосылуы енді ғана құрылып жатқан хандықтың дәрежесін өсіре түсті. Дәл осы кездері Есенбұғаның қайтыс болуы, оның ұлы Досмұхаметтің билікке келуі Моғолстанның билігін әлсіретіп жібереді. Кейін Әбілхайырдың, Досмұхаметтің, Әбу-Саидтің қайтыс болуы хандықтың еркін құлаш жаюына сеп болды. 1470-1471 жылдары Дешті Қыпшақтағы көшпелі өзбектер мемлекеті толығымен күйреді. Міне былайғы уақытта оның орнына тарих сахнасына Қазақ хандығы мен оның хандары келеді.

Керей мен Жәнібектің көші — тарихи маңызды оқиға

Т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі Берекет Кәрібаев өзінің мақаласында былай дейді: «Қазақ хандығының құрылуы бір саяси оқиғамен жүзеге асқан процесс емес, Керей мен Жәнібектің Әбілхайырдан бөлініп Моғолстанға көшуі



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН БИЛЕГЕН ХАНДАР

1465-1473 ж.ж. — Керей хан — Болат сұлтанның баласы.

1473-1480 ж.ж. — Жәнібек хан — Барақ ханның баласы.

1480-1511 ж.ж. — Бұрындық хан — Керей ханның баласы.

1511-1518 ж.ж. — Қасым хан — Әз Жәнібектің ұлы.

1518-1523 ж.ж. — Қасымның баласы Мамаш хан болды.

1523-1532 ж.ж. — Қасымның немере інісі Тақыр хан болды.

1533-1534 ж.ж. — Бұйдаш хан — Тақырдың інісі хан болды.

1534-1535 ж.ж. — Қожа Мақмұт хан болды.

1535-1537 ж.ж. — хан атағы болған сұлтандар: Тоғым хан,

Ахмет хан, Хақназар, Наурыз-Ахмет хан.

1538-1580 ж.ж. — Хақназар — Қасымның баласы.

1580-1582 ж.ж. — Жәнібектің немере інісі 80 жастағы

Шығай таққа отырды.

1582-1598 ж.ж. — Шығайдың баласы

Тәуекел хан билігіне отырды.

1598-1628 ж.ж. — Есім хан билігі.

Шығайдың баласы, Тәуекел ханның інісі.

1613-1627 ж.ж. — Тұрсын хан билігі.

1628-1652 ж.ж. — Жәңгір хан — Есім ханның баласы.

1680-1715 ж.ж. — Әз-Тәуке хан билігі.

Салқам Жәңгірдің баласы.

1718-1726 ж.ж. — Батырдың билігі.

1726-1730 ж.ж. — Болат хан билігі.

Болат — Тәуке ханның баласы.

1720-1740 ж.ж. — Ұлы жүзді Жолбарыс хан басқарды.

1718-1748 ж.ж. — Әбілхайыр Кіші жүзге хан болды.

1748-1786 ж.ж. — Нұралы Кіші жүзге хан болды.

1791-1794 ж.ж. — Ералы Кіші жүзге хан болды.

1795-1797 ж.ж. — Есім Кіші жүзге хан болды.

1797-1805 ж.ж. — Айшуақ Кіші жүзге хан болды.

1805-1824 ж.ж. — Шерғазы Кіші жүзге соңғы хан болды.

1716-1719 ж.ж. — Орта жүз ханы Қайып хан билігі.

1719-1734 ж.ж. — Орта жүз ханы Самөке хан билігі.

1734-1771 ж.ж. — Орта жүз ханы Әбілмәмбет билігі.

1771-1781 ж.ж. — Үш жүздің ханы Абылай билігі.

1781-1819 ж.ж. — Орта жүз соңғы ханы Уәли билігі.

1815-1817 ж.ж. — Орта жүз соңғы ханы Бөкей билігі.

1841-1847 ж.ж. — Кенесары қазақтың соңғы ханы.

Кенесары — Абылай ханның немересі, Қасым төренің баласы.



Р.С. Бес жарым ғасыр бұрын Қазақ хандығының шаңырағы көтерілді. Ниеті оң, мұраты ізгі болды ма, Құдайдың көзіне ілігіп 550 жылдық ғұмырын тойлап жатқан жайы бар. Керей мен Жәнібек хандардың ұрпағы бұл күнге де тәубе деп, ертеңгі күннен зор үмітті. Бүгінгі күні салықалы саясатты жүргізіп отырған қазіргі Ханымыз — Қазақстан деген еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев азат, тәуелсіз елдің байрағын көк аспанда қалықтатып, барша жер жүзіне «Қазақстан» деген мемлекетті танытып келеді.

Жанар ЕЛЕШОВА

ЖАУЖҮРЕК ХАН ЖӘҢГІР

Қазақ хандарының белді бір өкілі – Жәңгір хан туралы деректерді жинастырып, оқырманмен бөлісуді жөн көрдік.

Салқам Жәңгір – Қазақ Ордасының он бесінші ханы. Есім ханның белгілі үш ұлының бірі әрі бірегейі. Шежіреге сүйенсек, қазақ хандары Жошы ханның үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды. Бергі жақтан алсақ Ақ Орданың соңғы ханы Барақ, одан Жәнібек, Жәнібектен Жәдік сұлтан, Жәдіктен Шығай хан, Шығайдың ұлы Есім хан. Салқам Жәңгір – Есім ханның ортаншы ұлы. Шын аты Жаһангер, парсыша жаулап алушы деген мағынаны білдіреді.

Тарихи дерек

Тарихи деректерде Салқам Жәңгірдің туған жылы нақты жазылмаған, 1652 жылы қайтыс болған деген дерек бар. Ол хан тағына әкесі Есім хан өлген соң отырды. Ол Қазақстан аумағында XIII ғасырдың басынан бері үздіксіз билік құрған Шыңғысхан әулетінің тікелей өкілі.

Жәңгір ханның билік еткен жылдары жоңғар феодалдарының қазақ жерін жаулап алуға жасаған үздіксіз жорықтар кезеңіне сай келеді. Жәңгір хан Бұхар хандығымен одақтастық келісімге келіп, жоңғар басқыншыларына қарсы күрес жүргізді. Сонымен бірге, ол қырғыздармен де осындай қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Мұның бәрі жоңғар шабуылынан қорғану мақсатынан туып еді. Дәл осы кезеңде Қазақ хандығы мен ойрат жоңғарлары арасындағы қарулы қақтығыстар жиілей түсті. Екі жақтың басшылары көшіп-қонуға жайлы жерлер және Сырдария өзені бойындағы сауда орталықтары үшін күрес жүргізді. Сол кезеңдегі тарихи мәліметтер бойынша, Жәңгір хан тұсында қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас болған: бірінші шайқас – 1635 жылы, екіншісі – 1643-1644 жылдары, үшіншісі – 1652 жылы.

1635 жылғы шайқаста қазақ әскерлеріне Батыр хонтайшы бастаған жер қайысқан қалың қол қарсы тұрды. Бұл ұрыстың нақты нәтижелері жөнінде мәліметтер жоқ, бірақ шайқас кезінде Жәңгір ханның тұтқынға түсіп, біраз уақыттан соң қашып құтылғаны туралы деректер кездеседі. Сол кезден бастап Жәңгір хан жоңғарларға үнемі шабуыл жасап тұрады. Ең алғаш Жәңгірдің жоңғарларға тұтқынға түскендігін И.Е.Фишер өзінің Сібір тарихына арналған кітабында жазады. Онда автор 1635 жылы ойраттардың көсемі Батыр хонтайшының Есім ханмен соғысқанын айта келе, оның ұлы Жәңгір сұлтанды жоңғарлардың тұтқынға түсіргенін баяндап өтеді. Автор онда бұл дерегін қайдан алғандығын көрсетпейді. 1959 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс-монғол қатынастарының жинағында осы тарихи оқиғаға қатысты мәлімет кездеседі. Ол мәлімет 1635 жылдың 19 шілдесінде Тобольск приказдығының кеңсесінде ойрат тайшысы Абақтың елшілерінен жазылып алынған. Ол мәліметте ойрат тайшыларының бір тобы 1635 жылдың қыс айларында Қазақ Ордасына аттанғандығы, ал Қазақ Ордасы адамдарының ойраттарға жорыққа шыққандығы, екі жақтың бір-бірімен кездесіп қалып, үлкен шайқастың болғандығы, ойраттардың жеңіске

жеткендігі, Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанның тұтқынға алынғандығы және қазіргі кезде ол сұлтанның ойраттардың қолында екендігі айтылады.

Ш. Құдайбердіұлы Тәуке ханды Салқам Жәңгірдің қалмақ ханының қызынан туған ұлы деп жазады. Тәуке ханның 1715 жылы ұзақ өмір сүріп қайтыс болғанына қарап және әкесі Жәңгір ханның билігі тұсында Қашқарияға қазақ елшілігінің құрамында барғанына қарап, оны шамамен 1630-шы жылдардың ортасында дүниеге келген деуге болады. Тәукенің анасы қалмақ тайшыларының бірінің қызы болса және туылған жылы XVII ғасырдың 30-шы жылдарының екінші жартысына сәйкес келсе, сондай-ақ Хұндулен тайшының Жәңгірді ұлым деп санайтындығын ескерсек, онда Жәңгірді жоңғар тұтқынынан құр қол қайтпаған деуге болады. Осыған байланысты тарихшылар мынадай қорытындылар жасайды.

Біріншіден, 1635 жылы қазақ-жоңғар соғысында жау қолына тұтқынға түскен Жәңгірдің тағдыры екі ел арасындағы қарым-қатынаста аса маңызды орын алғанына қарап, сол жылдардың өзінде оны хан болмаса да қазақ қоғамының ішкі саяси өмірінде ерекше орын алған тұлға деп санайды.

Екіншіден, оның жоңғар тұтқынынан босануына Жоңғарияның ішкі саяси өміріндегі ахуал әсер етіп, Батыр хонтайшыға қарсы топтың әрекетінің нәтижесі деп ұғынады.

Үшіншіден, Хұндулен тайшының Жәңгірді ұлым деп есептеуін онымен жақын болуын оның болашақтағы қазақ ханымен саяси одақтас болудың жолдарын іздестіруі деп біледі.

Осылайша, Жәңгір сұлтан 1635 жылы жоңғар тұтқынынан жоңғарлардың өз қолымен босап, туған еліне аман-сау оралады, жоңғар тайшыларының арасынан өзіне одақтастар тауып қайтады. Бұл одақтастықтың оған 1643 жылғы Батыр хонтайшы әскерімен шайқасында көп көмегі тиеді.

Орбұлақ шайқасы

1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір мен Жоңғар қолын басқарған Батыр хонтайшы арасында Орбұлақ шайқасы өтті. Сол жылдың қыс айларының бірінде Батыр хонтайшы қазақ жеріне шабуыл жасайды. Бұл қазақ-жоңғар соғысы туралы ең алғашқы хабарды Г.Ильин береді. Ол 1644 жылы ақпан айында Батыр хонтайшының ордасынан Тобольскіге қайтып оралып, боевода Куракинге осы соғыс туралы баяндайды. Дәл осы жылы және сол айда Тобольскіге келген ойрат көсемдерінің

бірі Абылай-тайшының елшісі Бахтыйдың хабарламасында да 1643-44 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы айтылып, ол да Г.Ильиннің мәліметін растайды және оны толықтыра түседі.

Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорығы 1643 жылдың қысында басталып, 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылады. Жоңғар билеушісі жағында көптеген ойрат тайшылары, Халха билеушісінің ұлы Омбо-Эрдени болып, жалпысаны 50 мың әскер жорыққа шығады. Бұл жорыққа Жәңгірдің одақтастары Хұндулен тайшы, Далай тайшының ұлдары қатысудан бас тартқанын елші Бахтыйдың мәліметі дәлелдейді. Бір қызығы, Г.Ильиннің дерегінде Батыр хонтайшының Жәңгір сұлтанға қарсы аттанғандығы баса айтылады. Сол кездегі қазақ ханы Жәңгірдің ағасы Жәнібек болса да, ол туралы ешкім де сөз қылмайды. Жоңғарлар Жетісу өңірінің үлкен бөлігін жаулап алып, он мыңға жуық адамды тұтқынға түсіреді. Жәңгір ханға көмекке Самарқан билеушісі Жалаңтөс Баһадүр келеді. Жалаңтөс Баһадүр қолының көмегі арқасында Жәңгір хан бұл шайқаста жеңіске жетеді. Батыр хонтайшы шегінуге мәжбүр болады. Жеңіліске ұшыраған жоңғарлар бұл ұрыста он мыңға жуық адамынан айырылады. Сақталып қалған тарихи мәліметтер бойынша, бұл шайқаста Жәңгір хан зор қолбасшылық дарын мен әскери шеберлік таныта білген.

Осы шайқаста бар жоғы алты жүз қазақ қолы жоңғардың 50 мың қолына төтеп берді. Орбұлақ шайқасында Жәңгір мылтықпен қаруланған 300 адамды тау ішіндегі тар өзекеге ор қазып бекінуге, ал екінші жартысын жоңғарлар тар өзекегі орға жеткенше таудың арғы бетіне жасырына тұруға бұйырды. Оның ойлағаны айнамай келіп, Батыр хонтайшы қаймықпай қорғанған ор-бекініске шабуыл жасайды, сол сәтте Жәңгір жауға ту сыртынан лап қойып, біртелі мылтықтарынан оқ жаудырды. Осы кезде Самарқаннан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың қолмен көмекке келіп, 10 мыңнан аса адамынан айырылып күйрей жеңілген жоңғарлар кері шегінді. Осы шайқас Жәңгір ханның даңқын шартарапқа жеткізді. Жәңгір хан жоңғар билеушілеріне қарсы күресте моңғолдардың жәрдеміне сүйенуге де күш салып, тату көршілік қатынаста болу мақсатымен оларға екі рет елшілік жіберді. Елшілікті хан балалары Тәуке мен Алпақ сұлтандар басқарып барды.

Жәңгірдің даңқы

1643-1644 жылдардағы шайқаста толық жеңілмеген жоңғарлар болашақта

болатын соғысқа мұқият дайындала бастады. Жоңғар хонтайшысы 1643-1644 жылдардағы жеңілістен кейін бытыраған иеліктерін біріктіріп, Сібірдегі орыс қалаларынан қару-жарақтар және оқ-дәрілер сатып алады.

1652 жылы қазақтар мен жоңғарлар арасындағы үшінші ірі шайқаста қазақ әскерлері жеңіліске ұшырап, Жәңгір хан қаза табады.

Хандық дәуірдегі қазақ хандарының өкілі ретінде Жәңгір хан бүкіл саналы өмірін ел қорғау ісіне арнайды. Оның атақ-даңқы сұлтан кезінде-ақ танымал болып, жоңғарлармен күресте ірі жеңіске қол жеткізеді. 1643 жылы Батыр хонтайшының 50 мыңдық әскерін 600 әскермен шегіндіруі оның есімін қазақ халқының есінде мәңгіге қалдырады. Оның атақты Жалаңтөс батырмен достығы Қазақ хандығы мен аштарханилар әулеті арасындағы қарым-қатынастардың нығаюына көп септігін тигізеді.

Хан ұрпақтары

Жәңгір ханның екі қызы және үш ұлы болған. Оның басқа да ұл-қыздары болуы мүмкін, бірақ олар жөнінде ешбір деректе айтылмайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жәңгір ханның деректерде кездесетін екі қызының бірі – аштарханилық Абд ал-Азиз ханға, екіншісі, Қазақ ханым атты қызы – Шығыс Түркістандағы шағатайлық Абдоллақ ханның ұлы Жолбарыс ханға ұзатылады.

Ұлдарының үлкені – Алпақ сұлтан. Жәңгір ханның тұсында оның қазақ елшілігі құрамында Шығыс Түркістанға барғаны Шах Махмұд шоростың дерегінде айтылады. Келесі ұлдарының бірі – Тәуекел сұлтан. Ол қазақ тарихында – Тәуке, Өз Тәуке деген есіммен қалады. Тәукенің де әкесінің хандық билігі тұсында алғаш рет қазақ елшілігімен Шығыс Түркістанға барғаны белгілі. Ш.Құдайбердіұлының материалдарында Жәңгір ханның тағы бір ұлының есімі аталады. Оның есімі – Уәлибақи. Ол Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған делінеді және қалмақ әйелден туған Тәуке әкесінен соң таққа отырғанда, өкпелеген Уәлибақи Үргеніштегі Ғайып ханға кетіп қалған еді делінеді.

Салқам Жәңгір хан ел арасында лайықты бағасын алғанмен, кейіннен кеңестік заманның кесірінен ұмытыла бастаған тұлға. Ол тарихта даңқты Орбұлақ шайқасының басты тұлғасы болып бүгінге дейін жетті. Алайда халық арасында бұл тарихи шайқас туралы да, Жәңгір хан туралы да насихат аз.

Дайындаған Мәдениет СҮЛЕЙМЕНОВ

АҚЫНДЫҚ – АНАНЫҢ СҮТІМЕН, ӘКЕНІҢ ҚАНЫМЕН КЕПГЕН ДҮНИЕ



Бүгінгі конағымыз ушқыр ойдың иесі, дарынды айтыскер акын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенті, Оразбек Саяхат. Оразбектің жас болса да қазақтың төл өнері айтыста бағын сынап жүргеніне біршама уақыт болыпты. Осы уақыт аралығында көптеген аламан додаларға қатысып, жүлдесі орындарға ие болып жүр. Олай болса, өнерлі жас акын Оразбекпен құрған тартымды әңгімесіздің куәсі болыңыздар.

Ақындыққа келуіме ұстаздарым ықпал етті
– Қайырлы күн, Оразбек! Өзіңнен бүгін қасиетті де, киелі қазақтың төл туындысы айтыс өнері жайлы сұхбат алатыныма өте қуаныштымын. Айтыс, нағыз дүлдүлдердің бәйгесі екенін айтпасақ та болар. Олай болса киелі сахнаға шығып, қазақтың қос ішекті домбырасын күмбірлете ойнап, айтыс деген аламан додаға қалай келіп жүрсің?

– Қайырлы күн! Шынымен де, өнер жолы – ауыр жол ғой. Айтысқа келуіме тікелей отбасымның әсері бар. Ақындық – ананың сүтімен, әкенің қанымен келген дүние. Ата-анам әдебиеттің ауылынан алыс емес, әдебиетке жақын адамдар.

– **Отбасың жайлы айта кетсең?**
– Отбасымда екі баламыз. Өзімнен үлкен әпкем бар. Әкемнің есімі – Домысхан Саяхат, мамандығы – геолог. Жас кезінде өлеңге жақын болған. Анамның есімі – Күлзипа Сағит, мамандығы бастауыш мұғалімі. Кезінде айтысқа қатысқан, қазір де өлең жазып, поэзиямен айналысады.

– **Сахнаға неше жасыңнан бастап шыға бастадың?**

– Қателеспесем, айтысқа 11-12 жасымнан бастап шыға бастадым. Бастауыш сыныпты бітіргеннен кейін облысымыздағы талай оқушылардың бағын ашқан Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназияға оқуға түстім. Білім ордасы нақты гуманитарлық бағытқа өте жақын болғандықтан, бойымдағы ұшқынымды ары қарай алып кетуіме тікелей ұстаздарым ықпал етті десем артық болмас. Айналамдағы өнерге, әдебиетке жақын адамдарға қарап бой түзедім.

– **Үлгі тұтар тұлғаң?**
– Ы. Алтынсарин атындағы гимназияға келгеннен кейін «Ақындар» үйірмесі ашылды. Сол үйірмені облысымызға танымал айтыскер акын Асығат Тұрғанбек ағамыз басқарды. Басында жай ғана 5-6 сыныптарда өлең жазып келсем. Одан кейін тікелей айтысқа келуіме Асығат Тұрғанбек ағамның үлесі зор. Айтысқа қатысып келгеннен бері бар ақылын айтып, әрдайым бағыт-бағдар беріп отырды.

Айтыс – билік пен қара халық арасындағы көпір
– Бұрындары айтыс халық мәселелерінен хабар беріп қана қоймай, оның шешілуіне септігін тигізер жүгі ауыр өнер түрі болғаны баршаға аян. Бүгінгі айтыс, өңірдегі айтыс қаншалықты қоғамның мәселелеріне ортақтасып, ел арасындағы түйткілді шешіп жүр?

– Иә, келісемін. Айтыс билік пен қара халық арасындағы көпір ғой. Бұрындары да болған, қазір де айтыста бірталай елдің мәселелері айтылып жүр. Бір болған айтыста жоқ дегенде бір мәселе көтеріледі десем артық емес. Көшелердің атауы, ескерткіштер деген сияқты елдік рухқа байланысты айтулы мәселелер айтылады. Мысалға айта кететін үлкен жетістік: көгілдір экранды жаулап алған сериалдар туралы біршама ақындар айтып жүрді. Ақырында корей сериалдарын Жандарбек Бұлғақовтың айтуымен енді көрсетпейтін болды. Мәселені ақындар көп айтады. Бірақ, оны шешу жолын жоғарғы жақтағылар қарастырады.

– **Шығармашылық жолда қандай жоспарларың бар?**

– Алла жазса оқыған адамға шамшырақ бола алатындай дүниелер жазсам деген біраз жоспарлар бар. Ол да, әрине, өз кезегінде уақыт пен үлкен еңбекті қажет ететіні белгілі.

Қарысласымның өткір сөзіне қарап тұра алмаймын
– **Осы күнге дейін қандай айтыстарға қатысып үлгердің?**

– Қазаққа танымал сазгер, акын Иманжүсіп Құтпанұлының 150 жылдығына арналған облыстық айтысқа, Баян батырдың 300 жылдығы мен Ата Заңның 20 жылдығына арналған тағы басқа көптеген айтыстарда бағымды сынап жүрмін.

– **Жалпы, айтыста жұптар қалай таңдалынады. Ең алғаш кіммен айтыстың?**

– Ең алғаш Мәрес Байронмен оқушылар айтысында айтыстым. Одан кейін жеребе тарту арқылы ұстазым Асығат Тұрғанбек ағаммен айтыстым. Бірақ, көбінесе жеребе тарту арқылы анықталынады.

– **Өзіңе шабыт қалай келеді? Айтыс барысында ше?**

– Шабыт деген әр адамға әртүрлі келеді ғой. Ал, маған көбінесе шиеленіскен сәттерде, көңіл-күйіме байланысты келеді. Айтысып отырған уақытта қарсыласыңның айтып жатқан өткір сөздеріне қарап тұра алмай, одан да артық жауап беруге тырысамын. Сол кезде өзінен-өзі жүректен шығып отырады.

– **Армансыз адам қанаты жоқ құспен тең. Олай болса өзіңнің қандай арманың бар?**

– Иә, шынымен де солай ғой. Дәл қазіргі таңда, оқуымды оқи жүріп, шығармашылығымды шындағым келеді. Көкейде жүрген сұрақтарға өлеңіммен жауап берсем деймін. Болашақта асабалықты да қолға алуды ойлап жүрмін.

Абайдың еңбектері көзінді ашып, көкіректі оятады
– **Қазақтың қай ақынын үлгі тұтасың, қай ақынның шығармашылығы жаныңа жақын?**

– Қазақтың бас ақыны Абайды жаныңа жақын тұтпау мүмкін емес. Әрбір жазылған еңбектері көзінді ашып, көкіректі оятады. Сонымен қоса Мұқағали Мақатаевтың поэзиясы ұнайды. Оның еңбекқорлығы, шығармашылық жолы мен үшін бір өнеге. Мұқағали қай қазаққа болса да жақын шығар.
– **«SMS+» газетінің оқырмандарына оқуға кеңес берер кітабың бар ма? Жалпы өзің кітап оқығанды ұнатасың ба? Соңғы оқыған кітабың қандай?**

– Оқимын дейтін адамға кітап көп қой. Енді, әркім өзінің талғамына, танымына, біліміне байланысты оқитын болар. Өз басым Мұхтар Әуезовтың, Әзілхан Нұршайықовтың, Мұхтар Мағауиннің, Шерхан Мұртазаның кітаптарын оқуға кеңес берер едім. Ақындардан: Мұқағали, Абай, Жұмекең, Шәкәрім, Қадыр сынды ағаларымыздың өлеңдерімен сусындаса дұрыс болады деп ойлаймын. Қазіргі таңда Мұхтар Мағауиннің әңгімелер жинағын оқып жатырмын.

– **Оразбек, уақытыңды бөліп, «SMS+» газетінің оқырмандары үшін танымды да тартымды сұхбат бергеніңе көп рахмет. Оқуда табыс, айтыс өнерінде есімің барша жұртқа танымал мықты айтыскер акын болуыңа тілектеспін!**
Сұхбаттасқан Ақмарал ЕРМАНАТ

ЖЫР ТARTY



Түп тамыр

(Қазақ хандығының 550 жылдығына)

Талай сырды жұмбақ күйде жасырған,
Талай адам «өткенім» – деп бас ұрған,
Том-том болған тарихымнан толғанып,
Қозғайын мен 15-ші ғасырдан.

Осы тарих «Өбілқайыр хандығы» – деп санаған,
Түркілердің бар тайпасы қараған,
«Өзбек ұлысы» деген аты аралаған жер-көкті,
Өбілқайыр басқаратын ел бопты.

Тағдырының жұмсағы ма әлде қатаңы?!
Жек дара шықпай тұрған атағы,
Ал қазақтар, Ұрыс ханнан тарайтын,
Бұл хандыққа қарайтын,
Ұлыс болып күнін кешіп жатады.

Оңай кімге ордалы елді басқару?!
Өрлеуің де, құлдырау да қас-қағым.
Шыдамасаң шыңырауға құлатар
Билігіңді көтере алмай мастану.

Өбілқайыр әділ қайыр танытпай,
Өз беделім тұр екен деп шарықтай,
Қазақтардың сұлтандарын бөлектеп,
Қысым қылып, озбырлығы ерек боп,
Осы ұлысқа үстемдігі қойды түбі жарытпай.
Шайбаниттік басшы ақыры бүліне
Қайран иттік жетіп тынды түбіне.

Бұндай күйде болашағы бұлыңғырлау көрініп,
Қазақ ұлысы бұл хандықтан бөлініп,
Шегіне кеп араздасу, шекісу,
Көшкен екен мекенім деп – Жетісу.

Бұл бөліну қазағыма мерей боп,
Жәнібегі – жаны боп, керегесі – Керей боп,
Жұдырықтай жұмылып, еңселері тұрған тік
Осылайша өмірге туды жаңа бір хандық.

Содан бері 550 жыл өтті.
Дүниеге кім келмеді кім өтті?!
Бұл жалғанда қазақ – қазақ болғалы
Бірде күліп, бір кездері дір етті.
Түркіге – орда, менің арда халқыма
Енді құдай көрсетпесін түнекті.

Даңқты жанартау

«...Оңыма да, солыма да мән берем,
Өйткені ақын жанартауға тең дер ем:
Сөнген, өшкен жанартаулар – даңқты,
Атылмаған жанартаулар – қауіпті!
Қадыр Мырза Әли

Жалын қылып бойға жинап шабытты,
Сілкіндіріп, күйден ауып қалыпты,
Жыр арнасын жанартауға – даңқты,
Атылмаған бір жанартау – қауіпті.

Жанартау ең дер кезінде атылған,
Бар өлемге даңқың асқан атыңнан.
Сүйсінгендер қасиетіңе тамсанып,
Кейбіреулер қорқатұғын отыңнан.

Сол қасиет сөнсе дағы көшпейтін,
Ешкімі де оның жолын кеспейтін,
Сенің алтын қойнауыңнан атылып,
Үнің қалған, жырың қалған өшпейтін.

Поэзия жаныңменен бір еді.
Асыл сөзге тұнған үлкен жүрегің.
«Нағыз қазақ – домбыра» - деп білгендер,
Нағыз ақын – Қадыр деп те біледі.

Қызыл тілдің шеберлері көп еді,
Сенсің соның ішіндегі кемелі.
Шеберлігің асқандығы – өзгеге
Бар қазақты таныта алған өлеңің.

Сен – жанартау сөнген, өшкен даңқты,
Өлеңімен таныта алған халықты,
Ал қазағың – даңқты әрі бақытты
Дәл өзіндей тудыра алған алыпты!

Сен жүрсін

Сағым боп сен жүрсің қашықта,
«Жаным» деп кел жетіп, асық та.
Ғашықтық қауқарды жасытпа.
Қашықтық сын өркез ғашыққа.

Сағым боп сен жүрсің алшақта,
Жалын боп ойым жүр сан-сақта.
Мені еске ал, алшақта болсақ та.
Сен есте тұрасың әр шақта.

Сағым боп сен жүрсің жырақта,
Жарым боп жанымда тұрақта.
Үйілген мән бермей сұраққа,
Сүйінген сезімді құлатпа.

Сағым боп сен жүрсің тағы да.
Таңым көп тағдырдың заңына.
Ем берші тек сен бір жаныма.
Сен болшы еккен гүл бағыма.

Жадымды құсасыз қылшы өзің.
Кәдімгі дәрідей бір сөзің.
Енжарлап кетпесін бұл сезім.
Сен жаулап сананы тұршы өзің.
Тек өзің!

Оразбек Саяхат

ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМ БОЛУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ



«Жаңа Қазақстан, жаңашыл ұстаз, жаңа ұрпақ» — бұл білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті маман даярлау, білім кеңестігіндегі мәдениет пен өнердің даму кепілі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін — білім» дей келе, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», — деп айтқан болатын. Мемлекет басшысының бұл сөзі еліміздің барлық білім ошақтарында жүзеге асырылып, мұғалімдер де жаңа бағыттағы жұмысын бастап кеткен.

Мәселен, Павлодар қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебінің мұғалімдері бүгінгі күннің озық үлгілері бойынша жұмыс жасап жүр. Ал қазіргі заман талабына сай деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілігін арттырған мектептің ұстаздары коучинг сабақтар өткізіп отырады. Бұл коучингте «Lesson Study» «Бірлескен топтық жұмыс», «Оқытумен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқуды бағалау, оқыту үшін бағалау», «Дарынды және таланты балалармен жұмыс» тақырыптарында А.С. Дүйсенбаева, А.Д. Орумбаева, М.Б. Нәжім, А. Узбен, Қ.Х. Жұнұспаева коучингтер өткізді.

«Lesson Study» тәсілі бойынша сабақ беру арқылы мұғалімдер оқушылардың оқудағы қажетеліктері мен мінез-

құлықтарына назар аударып, әр оқушыны көбірек біле отырып, оқушы қажеттілігін ескеріп, әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастайды. Бұл тақырыптан кейін параллель сыныптар арасында жиі сабақтастық пайда болды. «Дарынды және таланты балалармен жұмыс» тақырыбы бойынша жұмысты ұйымдастыру және жүргізу сабақ барысында жүзеге асады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттеріне сай деңгейлік жұмыстар ұйымдастырылады.

Мен осы коучинг тақырыптарын басты назарға ала отырып, әдістемелік күндерде ашық сабақтар өткіздім. «Оқуды бағалау, оқыту үшін бағалау» тақырыбындағы коучингті өз сабағымда оқушыларды бағалауда көп көмегін тигізді. Коучингтің тәжірибемдегі маңызы рефлексияның тиімді өтуіне де әсері зор болды.

Түйін. Мұндай жұмыстар әріптестерімізбен бірігіп кездесетін қиындықтарды да шешуге әсері көп. Коучинг өткізетін мұғалімдер өз тақырыптарында өздерінің әртүрлі әдіс-тәсілдерін ортаға салады. Тәжірибе алмасу барысында әр мұғалім өзіне қажеттісін алады, өз іс-тәжірибесінде қолданады. Осылайша, коучинг арқылы әріптестер арасында ынтымақтастық пен кәсіби деңгей арта түседі.

Бакыт Шарбақбаева,
Павлодар қаласының №35 ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ — ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

«Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы» деген сөз бар халық арасында. Білім мен таным беріп қана қоймай, қоршаған дүниені сезінуді, оған жақсылық жасауды, бір-біріне мейірімділік пен қайырымдылық танытуды, жалпы жақсылық атаулыны үйреніп, аға ұрпақтың игі-жақсылығын жалғастыруға жол салып беретін де осы аялы ұстаздар. Сондықтан, басқа мамандықтардан қарағанда, қиындығы мен жауапкершілігі басым кәсіп иесі болу да оңай шару емес. Ел арасында бұл кәсіпті таңдағандардың жүрегінде түгі бар деп тегін айтпаса керек.

Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің айтуынша: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көреген, естіген және аңғарған нәрселердің барлығын жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, меніңше шешен, өнер-білімге құштар қанағатшыл жаны асқақ және арнамысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бөріне жақсылық пен ізеттілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Еліміздің болашағы бүгінгі мектеп қабырғасындағы ұрпақ екені даусыз. Ел келешегіне ие болатын балаларымыздың өркениет жаңалықтарынан қалып қоймай,

Камал ЖАРКИНА,
Павлодар қаласының №35 ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі.

АҚ ЛЕБІЗ

ӘЖЕМДІ МАҚТАН ТҰТАМЫН

*Кішкентайдан мені, аялап өсірген
Тәрбиелеп өсіріп, қатемді кешірген
Жақсы көріп сізді, әрдайым өмірде
Мақтан тұтам сізді, мейірімді маған берген*



Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Шоқтал ауылында менің Күлжиян есімді нағашы әжем тұрады. Әжем көп жылдар бойы ұстаздық етіп, мектеп директоры болған. Күлжиян әжемнің жүрегі кең, мейірімді, ақжарқын жан. Ол өзінің алты баласымен қатар ауылдың талай адамдарына білім беріп, жол көрсетіп, тәрбиеледі. Әжем күллі балаларға тәрбиеші, ұстаз, қамқоршы ана. Әжемнің маған деген сезімі, көңілі өзгеше. Ол қазіргі кезде зейнеткер, сонымен қатар, әжем сегіз қырлы, бір сырлы шебер жан. Мен әжемді мақтан тұтамын.

Жазғы демалыста мен ауылға әжеме барып көмектесемін. Әжемді Қарттар күнімен және әжемнің жолын қуған Камал анашымды, нағашы апайым Қадиша, Бақыттыбала апайымды ұстаздар күнімен құттықтай отырып зор денсаулық ұзақ өмір тілеймін.

Ізгі тілекпен жиеніңіз, қызыңыз Гүлім.

№35 ЖББОМ 3 «А» сынып
оқушысы Гүлім Бекболат.

АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫМ

Алғаш мектепке келгенде қолынан ұстап жетелеген бейтаныс мұғалімнің балдырған өмірінде қаншалықты маңызды болатынын әсте, сол сәтте ешкім ойлана қоймас. Алайда бетіңе күлімсірей қараған ұстаздың бала үшін өмір бойы есте қалатыны шын. Өйткені, алғаш қалам ұстатқызып, әріп танытқан, дүниенің барлық қыр-сырын үйреткен, қалай сөйлеп, жүруді көрсеткен жан әркімнің жүрек түкпірінде сақталады.

№35 жалпы орта білім беретін мектептің 1 «В» сынып оқушылары мен ата-аналары шын жүректен алғаш әріп үйреткен ұстазын, сынып жетекшісі Шатанова Айжан Әділбекқызын мұғалімдер күнімен құттықтайды.

Сіз мектеп табалдырығын жаңа аттаған балапандарға біліммен қоса, өмірдің жақсысы мен жамандығын айыруды, жақсылық жасауды үйретіп, оң-солын танымайтын бүлдіршіндерге келешекте ел үмітін ақтайтын азамат ету мақсатында тәлім-тәрбие беріп келесіз. Міне осы жолдағы Сіздің еңбегіңізді ата-аналар шын бағалайды.

Кәсіби мерекенізбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, еңбегіңізге табыс және отбасыңызға құт-береке тілейміз!

№35 ЖББОМ 1 «В» сынып
оқушылары мен ата-аналары.



ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ ӨЛШЕУСІЗ

Ұстаз — ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта тәрбиелеуде ұстаздың еңбегі зор.

Осындай аялы жандардың бірі Павлодар қаласындағы №35 жалпы білім беретін орта мектептің 4 «Ә» сыныбының сынып жетекшісі Камал Қабдоллақызын Ұстаздар күнімен оқушылары мен ата-аналары шын жүректен құттықтайды.

Сіздің оқушыларыңыз кішкентай балдырғандар болып, мектеп табалдырығын аттап, онда қызықты да терең білім алып, қоршаған дүниені танып келеді. Бүгінде балаларыңыз жан-жақты білімді, саналы, өнегелі бала болып өсіп келеді. Бұл жолда Сіздің атқарған еңбегіз өлшеусіз.

Ұстаздың адал пейілді көңілі әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгеді. Сондықтан, мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш жайған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Сіздің оқушыларыңыз да өз ұстазын мақтан тұтады.

Ал ата-аналар бүгінгі білімді де тәрбиелі балаларының болашағына салған еңбегіңізді бағалап, алғысын білдіреді. Қоғамның белді мүшесін тәрбиелеу әрі білім беру ісінде тоғысқан еңбегіңіз табысты болып, болашақта да қажырлы жұмысыңыздың жемісін көруге жазсын демекпіз.

Сізге алдағы уақытта ұзақ өмір, мықты денсаулық, қажымас қайрат, еңбегіңізге тың идеялар мен шығармашылық табыстар тілейміз!

№35 ЖББОМ 4 «Ә» сынып
оқушылары мен ата-аналары.

ҰСТАЗ

*Ең аялы есім ғой «Ұстаз» — деген,
Қуаныш та, бар тіршілік ұстазбенен.
Ұстаздарды жеткіземіз мұратына
Білім іздеп лапылдап жана берер, —*

дей отырып бүкіл №35 мектеп ұжымдарын және сынып жетекшіміз Бақыт Қабдына-сырқызын ұстаздар күнімен құттықтаймын!

№35 ЖББОМ 3 «А»
сынып оқушысы Аян
Қуандық.



*Оқулықты - қадірле,
Оқулықты - құрметте.
Оқулықты - таза ұста,
Жеткізер сені - мұратқа.*

№35 ЖББОМ 3 «А»
сынып оқушысы Эльмира Ғалым.

АҚАН СЕРІ ДЕГЕН ЕКЕН:

Жігіттер жақсы болсаң іс біліңдер



Ақан сері

Әйгілі әнші-сері Балуаншолақ Баймырзаұлының (1864-1919) ел ішіндегі еркіндік-еркелігін, серілік-серкелігін көре алмағандар соңына сөз ілестіріп, Атбасар әкімдерін оған айдап салады. Ақыры пәле-жаланы қаптатып, мазалай берген соң, Балуаншолақ 1908 жылы дау-шардың ізі суысын деген мақсатпен өзінің әрі нағашысы, әрі рухани ұстазы Көкшетаудағы Ақан сері Қорамсаұлының ауылына келеді.

Құшақ жайып, құрақ ұшып қарсы алған Ақан сері Балуаншолаққа ел-жер көрсетіп, көңілін сергітейін деген мақсатпен Қостанай жеріндегі қанжығалылардың ауылына алып жүреді. Бұл елде қадір білетін Шөңке бидің ауылында біраз қонақ болып, одан әрі шекті еліне барып қайтпақшы болады.

Алыс ауыл, шалғай жұртқа талып жеткен Ақан сері мен Балуаншолақ шектілердің шетіне іліккен соң-ақ бір ауылдағы еңселілеу үйдің есік алдында қара-құрасы мол болған соң, қонағуар үй болар деп ат басын бұрды.

Қос жолаушы сәлем беріп үйге кіріп келсе, үй іші толған қонақ дейді. Самарқау сөйлеп, сыздана сәлем берулеріне қарағанда үйдегі қонақтардың басы көпшілігі қожа-моллалар болып шығады. Олар қонақ келді-ау деп көңіл бөле

қоймайды, дағарадай сәлделерін изесіп, шарифат туралы әңгімелерін жалғай береді. Ақан сері мен Балуаншолақ бел шешіп, елеусіздеу жайғасады. Қожа-моллалар қазақшылық жолмен жөн де сұрамайды, қонақжайлық танытып ығыспайды да. Бір-бірімен жарыса сөйлесіп, шарифат жолын айтысумен болады.

Әрі-беріден соң Ақан сері қожалардың дүмшелігін сезіп, өнімсіз сөздерінен жалығып, төңірегіне қараса, іргеде қалақтай бір домбыра сүйеулі тұр екен, қолына алып шерте бастайды. Қожа-моллалар домбыра дауысын естігенде шетінен одырая қарасып, жақтырмаған шырай танытады. Сол кезде төрде көсемсіп отырған біреуі сөз бастап:

— Ау, мүһминдер, шарифат жолын сөз етіп отырғанда, шайтан ісімен бөлмес болар. Тоқтатыңдар ызылдатпай! —деп қабақ шытады.

Сонда Ақан сері домбырасын қағып-қағып жіберіп:

— *Мұндайлар күндіз жатып, түнде үреді, Ұрлықты түнде қылған кім біледі.*

Жегені қожалардың адал емес, Баланың шөтейінен күн көреді.

Жігіттер жақсы болсаң іс біліңдер, Дем салып қожаларды үшкіріңдер.

Сүннәтін пайғамбардың көп айтады, Алдымен осыларды піштіріңдер.

Көбейді осы күнде торпақ молла, Аят пен хадиске шорқақ молла.

Ішін ашып қарасаң дәнеңе жоқ, Пітір мен садақаға ортақ молла, —

дегенде, үй ішінде отырған жұрт ду күледі. Бұл екі арада үй иесі де келіп, Ақан серінің келгенін сырттан естіген екен, қуанышты ықыласпен амандасады. Ақан сері бір бет алған соң тоқтай ма, үй иесімен амандасқан соң, төрдегі қожаларды мезгеп:

— *Қожа-молла көбейіп, Отыр төрде шөмейіп.*

Сәлдесін үлкен орасып, Жауған қардай борасып,

Мені молла десін деп, Шарифатқа таласып! —

дегенде, қожа-моллалар Ақан серінің арынынан ығып, үй иесіне сауға сұра дегендей жаутаңдай қарайды.

Үй иесі отырған жұртқа Ақан серінің атын айтқанда, даңқын алыстан білетін көпшілік қауым дуылдаса қуанады. Ал, қожа-

моллалар мүлде абдырып, өздерінен-өздері ығыстап, орталарынан ойып тұрып қос қонаққа орын береді. Сол кезде Ақан серінің атақ-даңқына қанық біреу отырып:

— Уа, сері, атақ-абыройың алашқа жайылған азамат екеніңді білеміз. Хош келіпсің! Сендей жанның серігі де тегін кісі болмаса керек, танымадық-ау! — дейді.

Бұл сауалға Ақан сері жауап берудің орнына, домбырасын Балуаншолаққа ұстата салады. Сонда Балуаншолақ домбыраны безілдете тартып келіп:

— *Жапалақ құс болғанмен неге дәрі? Жаманның кісілікке бар ма сәні?!*

Жаманға айтқан сөзің еш қонбайды, Ағады құлағынан сөздің бәрі.

Жапалақ жарбақтайды жар басында, Немене жоқтың күні бар қасында!

Жігіттің мейманасы асып кетсе, Ақыры түспей қоймас тәубасына.

Жасымнан мен жақсыға жақын жүрдім, Дария аққан судай тасып жүрмін.

Жаласы сексен өгіз маған ауып, Ұлықтан сол себепті қашып жүрмін.

Арқаға атым шыққан— Балуаншолақ, Басыма Тәңірім берген күш пенен бақ.

Көргенде сұлу әйел шыдамсызбын, Қайтейін тал бойымда мінім сол-ақ! — деп

өлеңдетіп қоя береді.



Өнері де, өнегесі де ерекше қос серіге үй иесі риза болып, сыбаға арнап қам жасап, айырықша ықылас көрсеткен екен дейді.

Ақан серімен үзеңгілес дос Сұлтанмұрат деген әнші болған. Оның әншілік өнеріне Ақансерінің өзі қатты қызығып, тәнті болады екен. Сұлтанмұраттың бір міні

туғаннан өңсіздеу болып, ол аз дегендей жас кезінде шешек шығып, бет-дидары да шұбарланса керек. Бірақ, жүрегі таза, өнерпаз жігітті Ақан сері жанына ертіп, дос санап, қалжыңдасып отыратын көрінеді. Тіптен, кейде Сұлтанмұраттың әншілігіне сүйсінген Ақан сері: «Шіркін, өңділеу біреудің дидарын қаптап қойып ән айттырар ма еді!» — деп әзілдейді екен.

Аға сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазыға құмар Жақып деген баласы болған. Ел ішіне Жақып төре деген атпен танылған. Сол Жақып төре Ақан серінің Құлагеріне қатты қызығып, күндердің бір күнінде төрелік мінезіне сыйдырып Құлагерді сұрайды.

Сонда, Ақан сері: «Әй, Жақып, сұлтандықпен әкеңнің даңқы шықты, ақындықпен Орынбайдың даңқы шықты, жүйріктікпен Құлагердің даңқы шықты. Енді осы сөздерімді әкеңе жеткізіп сынатшы, Құлагердің жайын сонан соң көреміз» — депті.

Бұл сөзге үміттеніп, қуанып кеткен Жақып әкесіне Ақан серінің айтқан сөздерін жеткізеді. Сонда Шыңғыс: «Әй, балам-ай, Ақан серінің бұл сөзінде Құлагер мал болса да, аға сұлтан әкеңмен бара-бар,

ақын Орынбаймен бара-бар деген астар жатқан жоқ па! Біреу мені сұраса берер ме едің?!» — деген екен.

Осы сөзден кейін Жақып төре Ақан серіге көрінуге көпке дейін қысылып жүріпті.

Әдебиет порталынан алынған

ЖЕТЕЛЕГЕН ИТ АУҒА ЖАРАМАЙДЫ

«Бүркіт көп өмір сүреді, бірақ ол өзінің ұзақ өмірінде ұяда жатқан балапанын не бәрі бір рет қана ұшырып үйретеді. Енді ғана темір қанат болып келе жатқан балапанын бүркіт тістеп алған күйінде көз жетпес аспан тұңғыығына самғап ұшып шығады да, кенет аузындағы балапанын төмен қарата лақтырып жібереді. Өлі бір рет те қанат жазып, ұшып көрмеген өз балапанын аямайды екен — ау деп қаласың.

Бірақ қас-қағым сәтте әлсіз қанаттарын ашуға шамасы келмей, жерге қарай құлдырап бараятқан балапаны соңынан ана бүркіт құйындай ағып келеді. Егер балапан жерге жақындағанша қанатын аша алмаса, онда ана бүркіт шүйіліп кеп

оны қағып алады да, қайтадан биік шың басындағы өз ұясына апарып қояды. Бірақ ана қыран шексіз аспан әлемінде өз күш-қуатымен бірден самғап кете алмаған темір қанат балапанына қайта мойын бұрып қарамайды екен. Енді әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, аспан әлемінде құйындап ұшатын қыран екенін тек өз қайратымен, ерік-жігерімен ғана дәлелдей алады.

Егер оған рухы жетпей қалса, онда қайырымсыз қанаттарына қарғыс айтып, үн-түнсіз мына жарық дүниемен мәңгілікке қоштасады екен... Өмір сүргің келсе — өз бетіңмен тіршілік етуді қазірден бастап үйрен. Өмір аспанында өз қанатымен ұша алатын қыран екеніңді

балапан кезінде көрсет. Мен сені сақалың шыққанша сүйрей бермеймін. Жетелеген ит ауға жарамайды. Өз әрекетіңді өзің жаса...»

Түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі Немат Келімбетовтің дәл осы сөзі мені көп ойдың жетегіне жетеледі. Шын мәнінде әр адам өз әрекетін өзі жасап үйренуі қажет. Көп жағдайда бүгінгі кезеңде тамыр-таныссыз ешқандай жетістікке жетуге болмайды деген сөздерін естігенде жабырқап қаламын. Іштей ал арман қайда? — деп жауап беремін. Мен адамның ақ адал

армандарының орындалатынына сенемін. Біреу ғарышқа ұшқысы келеді, екіншісі елінің өркендеуіне өз үлесін қосқысы келеді. Иә, адамның қиялында шектеу жоқ. Өлердей балет өнеріне ғашық болған қызға: «Сен балерина болма» деп айта аласыз.

Адам өзінің ісін жақсы көргенде ғана шын бақытты бола алады. Жетемін деген адам өзінің күш — жігеріне сенім артады. Кім айтты армандардың орындалмайды деп, олар орындалады. Ол үшін әрекет қажет. Әрекетсіз іс өңбейді демекпін. Армандаған асуымызға жетейік достар!

Назгүл РАБИЛОВА

Жыр сүлейі Сүйінбай

Бүгінгі санда қазақтың данышпан айтыскер ақыны, жыршы Сүйінбай Аронұлының ақындық жолға қалай түскені туралы баяндап көрмекпіз.

Сүйінбай Аронұлы Алатаудың аса сұлу бетбауыр бөктеріндегі Алматыға тиіп тұрған Қарақыстақ ауылының Бұлақ деген жерінде 1815 жылы туып, 1898 жылы 83 жасында дүние салған. Болашақ даңқты жырау жасында жоқшылық тауқыметін көп тартқан. Жастай жетім қалып, байдың малын бағып, күн көрген. Ол туралы өлеңдерінде ақынның өзі де айтады. Ал ақын Қожахмет Тұрлыбайұлы бір өлеңінде:

*Сүйінбай он жасында қалды жетім,
Жылаумен секпіл басқан екі бетін.*

*Жетімді жетілдіріп, жүрік еткен
Аланың көрмеймісің құдіретін,* —

деп, Сүйінбайдың бала кезі туралы нақты дерек келтіре отырып, жетім баланың ақындық өнердің шыңына шырқағандығына таңданады. Белгілі бір адамның бойындағы басқаларда жоқ ерекше қасиеттері, соның ішінде ақындық өнері туралы да, халық: «тұқымында бар», «өлең (ақындық) қонған» дейді. Мұның мәнісі: тегінде — аталары немесе нағашыларында бар ақындық түптің-түбінде ұл-қыздарының біріне көшеді дегенді білдіреді. Сүйінбайдың 13-14 жасында шығарған «Түс» деген өлеңінде осындай ойға бастайтын құбылыс жайында сөз болады. Шүйбек деген байдың қойын бағып жүргенде, бір күні

түс көріп, ұйқысынан өлеңдетіп оянганын ол қожайынына былайша баяндайды: Атыңнан айналайын Қызыр бабам, Түсімде таңға жуық келді маған. Білмеймін «өлең» — деді, «көген» — деді, Сайрауық құстар келіп төнді маған. Менің тұр қолды-аяққа тұрғым келмей, Қойды ғой қойыңа да қырғын келмей! Аузымнан түйдек-түйдек шыққан сөзді Не дейін сөз кестесі — өлең демей?! Сен маған ұлықсат бер, Шүйбек байым, Әйтеуір, тегін емес Сүйінбайың. Жын соқты ма, білмеймін, таңертеңнен Көңілім ұйқы-тұйқы құйындайын...

Түс көріп, ақын немесе сазгер, т.б. болып ояну секілді жағдайлар болашақ өнер иелерінің өмірінде кездесе береді. Сүйінбайдың рухына табынумен өткен ұлы шәкірті — Жамбыл да:

Өлең кірген түсіне

Жүзегінде мен болам.

Қинама, әке, қинама,

Болмас енді зорлаған, — демей ме?! Дейді.

Ал шыққан тегі жағынан келгенде, жыраудың арғы атасы Күсеп әрі ақын, әрі қобызшы болса, нағашысы Қабан Жетісудағы ақындық, жыраулық өнердің ірі өкілі болған. Сүйінбай бозбала кезінде жеті түлкі бойы сол нағашы атасының көшінен қалмай, ілесіп жүріп, батасын алыпты. Сөйтіп, Сүйінбай 13-15 жасынан ақындық

жолды қуады. Баяғының неше алуан жыр-дастандарын, аңыз-қиссаларын жиын-тойларда жатқа айтып, өз жанынан да шығара бастайды.

Қаршадайынан қолына домбыра алып, өлеңді өмір серік еткен жыраудың 60 жылдан астам уақыт бойы тоқтаусыз шығарған жыр мұрасы ұшан-теңіз. «Соққан желдей, аққан селдей» өрен жүйріктің ақындармен айтыстары, ел қорғаған ерлерге арнаған ұзақ жырлары, арнау, сықақ-сын, мінездеме, қағытпа өлеңдері, өмір туралы толғаныстары өте көп болған. Өкініштісі, соның бәрі біздің дәуірімізге түгел жетпеген. Ал бізге жеткен туындылары Сүйінбайдың табан астында тауып айтатын ғажайып тапқыр, сөздің реті келгенде «ешкімнің атағына бас ұрмайтын, басынан құс асырмайтын» әділ де турашыл, даңғыл да дана ақын болғанын көрсетеді. Сүйекенді қазақ өлеңінің ғана емес, қырғыз елінің де атақты ақындары дара талант ретінде бағалаған.



XIX ғасырдың екінші жартысында Жетісу жерінің өлең туын аспандатқан Жамбыл бастаған саңлақ таланттары

Сүйекеннің шәкіртіміз деп, ұлы ақынды пір тұтқан. Жамбылдың:

Бата берген Сүйінбай, —

Жырдың тіккен туындай...

Ақындардың ақыны,

Айдың көлдей ақылы, — деп ардақтауы сондықтан.

Елдігіміздің аса маңызды нышаны — тұңғыш теңгемізде Сүйекен бейнесінің болғаны халықтың қадірменді ақынына деген зор сүйіспеншілігін танытса керек.

Alashainasy.kz сайтынан алынған

АДАМ АҒЗАСЫ - ЖҰМБАҚ ӘЛЕМ

Көз — адамның айнасы



* Көздің мүйізгек қабығы — денедегі қан айналымы жүрмейтін мүше. Бұл мүше оттегіні ауадан алады.

* Әйелдер ерлерге қарағанда көздерін екі есе аз жыпылықтады.

* Адам көзі 10 миллион түстердің реңін айыра алады.

* Көздері көк адамдар ауруға басқа адамдарға қарағанда сезімтал келеді.

* Көздің ішкі тор қабығы 650 кв. мм аумақты алып, жарықты сезгіш 137 миллион жасушаларды құрайды: қара-ақ түстерді көру үшін 130 миллион таяқшалар және әр түрлі түсті көру үшін 7 миллион дөңгелекшелер.

* Адам көзі туылғаннан бір көлемде болады, ал мұрын және құлақтар өсуін тоқтатпайды

* Көздің фокустандыру бұлшықеттері 100000 рет күніне қозғалады.

* Ашық көзбен түшкіру мүмкін емес.

* 1 пайыз адамдар инфрақызыл, 1 пайызы ультракүлгін сәулелерін көре алады.

Миың болса басында...

* Адам миының сыйымдылығы 4 терабайт.

* Бір күннің ішінде бір адамның миы түрлендіретін электірлік импульстері өлемдегі барлық телефондар түрлендіретін электрлік импульстерін қосындысынан да көп.

* Адам өз сөзінің 90 пайызын естен шығарады.

* Адам денесіндегі жылудың 80 пайызы бастан шығады екен.

* Адам туылғанда оның миында 14 миллиард жасушалар болады, бұл сан өмір соңына дейін көбеймейді. Керісінше 25 жастан кейін күніне 100 мыңға дейін қысқара береді. Бір минуттық кітап оқығанда 70 жасуша өледі. Ал 40 жастан кейін мидың деградациясы бірден жедел жүреді, 50 жастан кейін нейрондар (нерв жасушалары) құрғап, мидың көлемі қысқарады.

* Адам миында бір секундта 100000 химиялық реакциялар болады.

* Адам өмірінің аяғына дейін орташа 150 триллион бит ақпарат есінде болады.



* Кейбір зерттеулерге сүйенсек, ұйқы біздің қажет емес ойларымызды тазартады.

* Ақылдылық қызметіне жауап ретінде адамдар өмір бойы жаңа нейрондарды жасап шығарады.

* Алкоголь нейрондардың арасын жалғайтын процесске кедергі жасайды.

* Дауыстап оқу, кішкентай баламен ұзақ сөйлесу мидың дамуына әсерін тигізеді.

* Нью-Йорктегі миллион студенттерді түскі ас кезінде консервантсыз, бояғышсыз, хош иістендіргішсіз тамақпен тамақтандырғанда, олар зерттеуге қатыспаған студенттерге қарағанда IQ-н 14% жоғары нәтиже көрсетті.

* Ми адам мүшесінің ең майлы жері, мүшенің 60% майын құрайды.

* Мидың сол жақ бөлігі оң жақ денені, мидың оң жақ бөлігі сол жақ денені басқарады.

* Гипоталамус, алдыңғы мидың бөлігі, термостат сияқты температураны реттейді. Гипоталамус сіздің денеңіздің қалыпты температурасы қанша болу керектігін біледі (98,6 Фаренгейт, 37 Цельсий бойынша). Егер денеңізге тым ыстық болса, гипоталамус оны терлеу арқылы көрсетеді. Егер сізге суық болса, ол діріл арқылы білдіреді. Терлеу және мұздау арқылы дене температураны реттейді.

* Күніне 85000 ми қабығының нейрондары мида жоғалып кетеді. Қуанышқа орай, бұл білінбейтін залал.

* Зияткерлік қабілеттілік кезінде

мидың көлемі мен салмағы бірдей болмайды. Мысалы, Эйнштейннің миы 1230 грамм болған, тіпті адамның орташа миынан да жеңіл.

Жұдырықтай жүрегім



* Адам жүрегі өз өмірінде 182 миллион литр қан айдайды.

* Әйел адамның жүрегі еркектің жүрегінен жылдамырақ соғады.

* Адам жүрегі шамамен оның жұдырығындай болады. Ал ересек адам жүрегінің салмағы 220-260 граммды құрайды.

* Адам жүрегі қанды төртінші қабат деңгейіне дейін көтеруге жететіндей қысым жасайды.

* Неміс зерттеушілерінің мәлеметіне сәйкес, аптаның басқа күндеріне қарағанда дүйсенбі күні жүрек талмасына ұшырау қаупі жоғары.

* Түшкірген сәтте ағзаның барлық қызметі, тіпті жүрек те тоқтайды.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павло-
дар мемлекеттік
университеті

Редактор:
Жанар Елешова
Дизайнер: Е. Абенов
Жауапты хатшы: Н. Рабилова
Тілшілер: А. Тилей, Н. Рабилова, А. Ерманат, М. Сүлейменов.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан, А. Тойшыбайұлы, Р. Торпищева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• Таралым «PrimaLux» баспасында басылған. Мекен-жайы: Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 15. Тел: 8 (7187) 75-50-44.
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № Г15-3213